



EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY

Д. СЕРІКБАЕВ ШҚТУ-дың ДАЙДЖЕСТІ «2025 жылдың 1-ші тоқсанындағы Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-ның жетістіктері мен оқиғалары»



ШҚТУ НПП «АТАМЕКЕН»–2025 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ РЕЙТИНГІНІҢ КӨШБАСШЫЛАРЫ ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың 27 білім беру бағдарламасы рейтингке қатысып, барлығы үздіктер қатарына енді. Оның ішінде 21 бағдарлама (78%) ТОП-10 қатарына кіріп, мамандарды даярлау деңгейінің жоғары екенін дәлелдеді. Әсіресе, 10 бағдарлама ТОП-3 тізіміне енсе, олардың үшеуі өз санаттарында бірінші орынды иеленді.

[Подробнее](#)



ИНЖЕНЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ҮЛГІСІН ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ШҚТУ-ТЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ Орталық Азияда алғаш болып CDIO стандарттарын енгізіп, инфрақұрылымды дамытуда: техникалық жобалар мен автоэлектроника саласында жұмыс істеуге арналған Fab Lab зертханасы мен Лу Бань шеберханасы жұмыс істейді.

[Подробнее](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ- ДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАУ-КЕН КӘСІПОРЫНДАРЫН ҒЫЛЫМИ- ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ СЕССИЯ ӨТТІ.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да «ҚР тау-кен кәсіпорындарын ғылыми-технологиялық дамыту» тақырыбында екі күндік сессия өтті. Іс-шараға 54 ғалым және «Казцинк» ЖШС-нің 12 сарапшысы қатысты.

[Подробнее](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ГЕРМАНИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДА.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ білім мен ғылымды дамыту мақсатында тау-кен ісі, металлургия, инженерия және тұрақты технологиялар саласында Германияның жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты нығайтуда.

[Подробнее](#)

[Подробнее](#)



ШҚТУ-дың ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТЫ: ӘЗІРБАЙЖАН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ СЕРІКТЕСТІК

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ Әзірбайжанның төрт жоғары оқу орнымен, соның ішінде Баку мемлекеттік университеті, Мұнай және өнеркәсіп университеті, Архитектура және құрылыс университеті, сондай-ақ Техника университетімен келісімдерге қол қойды.

[Подробнее](#)



ШҚТУ СТУДЕНТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЛОНДОНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕДЕ ӨЗ ЖОБАЛАРЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ өкілдері Лондонда өткен BETT UK 2025 халықаралық көрмесінде «SMART GUIDE» жобасын және білім беру бағдарламаларын таныстырды.

[Подробнее](#)

[Подробнее](#)



ШҚТУ НЕАПОЛЬ ҚАЛАСЫНДАҒЫ СЕМИНАРДА ЕУРОПАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛЫҚ ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІН ЗЕРТТЕУДЕ

CirculEC жобасының үйлестірушісі болып табылатын Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ өкілдері аумақтардың бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың еуропалық тәсілдерін зерделеді. Сессия тұрақты даму саласындағы тәжірибе алмасу мен ынтымақтастықты нығайтуға арналған платформа болды.

[Подробнее](#)



ШҚТУ ERASMUS+ CIRCULEC ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУДА

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ өкілдері Erasmus+ CirculEC жобасы аясында айналымды экономика мен тұрақты даму бағытындағы білім беру бағдарламаларын дамыту мақсатында Испаниядағы Сантьяго-де-Компостела университетінде өткен жұмыс аптасына қатысты.

[Подробнее](#)



ШҚТУ-ДАҒЫ СТАРТАП-ЭКОЖҮЙЕ ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК БІЛІМ БЕРУ МЕН КӘСІПкерлік дағдыларды дамыту

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да инженерлік білім беру кәсіпкерлік дағдылармен ұштасады. Осы мақсатта техникалық білім мен кәсіпкерлікті біріктіретін стартап-экожүйе құрылған.

[Подробнее](#)



ШҚТУ – «МЕНИҢ КӘСІБІМ – МАҚТАНЫШЫМ» ШЕБЕРЛІК САБАҒЫНА АРНАЛҒАН «WORKSHOP АЛАҒЫ»

Жұмысшы кәсіптер жылы аясында Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да «Менің кәсібім — мақтанышым» іс-шарасы өтті. Оған студенттер, мектеп оқушылары және ірі жұмыс беруші компаниялар – «Казцинк» ЖШС, «ҮМЗ» АҚ, «ТМК» АҚ және басқалар қатысты.

[Подробнее](#)



ШҚТУ СТУДЕНТТЕРІ «ҮЛКЕН АССАМБЛЕЯЛЫҚ СТУДЕНТТІК ОЙЫНДАРҒА» ҚАТЫСТЫ

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ студенттері Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай Достық үйінде өткен «Үлкен Ассамблеялық студенттік ойындарға» қатысты. Іс-шара аясында жарыстар, мәдени алмасу және жаңа таныстықтар өтті.

[Подробнее](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ-ДА ӨҢІР МЕКТЕПТЕРІ АРАСЫНДА РЕКТОР КУБОГЫНА АРНАЛҒАН ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРІ ӨТТІ.

Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ-да өңірдегі білім беру ұйымдарынан 24 команда мен 300 қатысушыны біріктірген ректор кубогына арналған волейбол турнирі басталды. Бұл турнир спортты насихаттауға, командалық рухты нығайтуға және салауатты өмір салтын дамытуға ықпал етеді.

[Подробнее](#)